

01.01.2022ж.

**«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметінің 2021 жылғы 4-тоқсандағы инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы
(нақты уақыттағы деректер)**

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-не (бұдан әрі- Компания) тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне 2021 жылға инвестициялық бағдарлама 14862,0 мың теңге көлемінде бекітілген (жылдық көрсеткіштер, тоқсанға инвест. бағдарлама бекітілмеген), оның ішінде 1122,2 мың теңге, бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен қарастырылған, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 13739,8 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің өзге қызмет қаражаты есебінен жасалынуы жоспарланған.

Объект орналасқан жері: Шымкент қаласы, Қапал Батыр көшесі, «Өндірістік» аумағы, 116/2, «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (газ тарату желілері) бастап ұзындығы 700м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған.

2021 жылғы 4 тоқсанында инвестициялық іс-шаралар орындалған сомасы 868,595 мың теңгені құрады, материалдармен ГРПШ алынды.